


Дарындылық

Белгілі бір адам психикасының басқа адамдармен салыстырғанда бір немесе бірнеше қызмет түрлерінде ерекше нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын, яғни өмір бойы дамиды, жүйелі сапасы.





Дарынды және талантты балалардың сипаттамасы

- Қалай оқиды:

- логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған;

- заңдылық пен өзара байланысты тез орнатады;

- ақпараттарды шұғыл өңдейді;

- проблемаларды нақты және дұрыс шешуге, қайта қарауға ұмтылады; идеялар ұсынып, дәлелдермен айғақтайды, болжамдар жасайды; проблемаларды анықтайды және шешеді;


- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді;

- Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады;

- Пікір айтуда тәуелсіз және «неге?», «қалай?» деген сұрақтар қойып, жаңалықтар ашуға ұмтылады;



Креативті ойлау




- **ерекше** идеяларды табады;
мәтіндер құрады;
жаңалық


ойлап шығарады;
түсінік қалыптастырады;
нәрселерді іздейді;

- зияткерлік пайымдауы мен қиялы дамыған;
- әзілшіл, эстетикалық қасиеттерді түсінетінін көрсете біледі;
- болашақты ойлағанды жақсы көреді;
- басқа біреу сияқты болуға қорықпайды;
- жаңа идеяларға сынақ жүргізуге және қателесуге тәуекел етуге дайын;
- көптеген идеяларды ойлап шығарады;





Ынталандыру



- жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады;
- дербес , мақсатқа ұмтылады және жеке мақсаттарын белгілейді;
- табанды және жұмыспен бар ынтасымен шұғылданады;
- өзін-өзі сынауға және бағалауға бейім, сенімді;
- өз бетінше жұмыс істегенді жақсы көреді;
- міндеттерді шешуге дәйекті.



Қоғамдық көшбасшылығы

- Қоғамдық жағдайларда бастаманы өздеріне алады, көшбасшылық орната алады, өзіне сенімді;
- Құрбы-құрдастары құрметтейді, басқалармен жылдам тіл табысады, өзіне жауапкершілік алуға дайын;
- Мақсатқа жету үшін топты жігерлендіру қабілетін көрсетеді, топты идеялар мен әдістерді қабылдауға иландырады, іс-қимыл жоспарын әзірлеу үшін топ мүшелерінің идеясын қорытады;
- Жаңа жағдайларға тез төселеді, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан.



Табандылық



- Өктем пікірлерге кекесінмен қарайды;
- Өткінші шешімдерге күмән келтіреді;
- Мұғалімдер мен ересектерді түсініктеме беруге жетелейді;
- «ересектер» проблемаларына қызығушылық танытады;
- Күнделікті жаттанды тапсырмалардан тез шаршайды;
- Тиянақты, нақты сұрақтар қояды;
- Жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен, тіл табысады, олардың ортасында жиі болуға тырысады;
- Игерілген дағдыларды қолдана бергенді жақтырмайды.